N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 6, Number 316 (2017), 93 – 96

UDC 371:134:811.1.161.2(07)

G.A. Askarova, N.T. Seytbekova

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: seytbekova.nurnur@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ

Abstract. In this article considered concepts of the information and communication environment, which means «a set of conditions ensuring the implementation of the user's activity» with an information resource including a distributed information resource through interactive ICT tools and interacting with it as a subject of information communication and a person with particular interest. Improving the information and communication environment of the society initiates the formation of progressive trends in the development of productive forces, the changing structure of social relations, interrelations and, above all, the intellectualization of the activities of all member states in all its spheres and, naturally, in the sphere of education.

Keywords: information and communication technologies, educational environment, vocational training, distance learning, research competence.

Г.А.Асқарова, Н.Т.Сейтбекова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ

Аннотация. Біздің мақаламызда ақпараттық-коммуникациялық орта түсінігіне ерекше түсініктер мен анықтамалар ұсынылады. Мақалада ақпараттық-коммуникациялық орта анықтамасы ретінде «қолданушы іс-әрекетін ақпараттық ресурстар көмегімен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шарттар жиынтығы» түсінігі ұсынылады. Бұл жердегі ақпараттық ресурстарға АКТ интерактивті құралдары мен ақпараттық қатынас пен тұлғалық субъектісі арасындағы қарым-қатынасты да жатқызалады. Ақпараттық-коммуникациялық ортаны жетілдіру өндірістік күштерді дамыту тенденциялары, қоғамдық қарым-қатынас құрылымын өзгерту, іс-әрекетті зияткерлендіру, қоғамның барлық мүшелерінің іс-әрекетін барлық ортада, әсіресе білім беру шеңберінде зияттандыру болып саналады.

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беру ортасы, кәсіби дайындық, қашықтан оқыту, зерттеушілік құзыреттілік.

Бүгінгі уақытта көптеген зерттеулердегі кәсіби-пәндік дайындық бойынша оқыту нәтижесі ретінде көпаспектілі жүйе түсіндіріледі, онда тек студенттердің білімі ғана емес ақпаратты алу қажеттілігін анықтау біліктері мен оларды алу әдістерін меңгеру дағдылары айтылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) көмегімен білім алушылар кәсіби-пәндік құзыреттіліктер мен тұлғалық сапаны меңгеруі қажет. Осыларға қоса, компьютер ғылыми ізденіс жұмыстарын жасауда көмекші құрал ретінде білім беру үдерісінде қолданылады. Көптеген ақпарат көздерінде АКТ «қоғамда ақпарат жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдауда қолданылатын әдістер, құрылғылар мен өндірістік үдерістер жиынтығы болып саналады. Ақпараттық технологиялар мен оқытуды ақпараттандыруды бір жағынан «компьютер» терминін қолдану деп түсінеді, ал оқытуды компьютерлендіру тар мағынада «компьютерді оқыту құралы ретінде қолдану» деп түсіндірілсе, кең мағынада «оқыту үдерісінде компьютерді түрлі мақсатта қолдану» деп түсіндіріледі [1].